



# Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№25 (665)  
18 МАУСЫМ,  
БЕЙСЕНБІ  
2026 ЖЫЛ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Кейінгі уақытта елімізде жұмыс орнындағы жазатайым оқиғалар және өндірістік жарақаттану мәселесі өршіп тұр. Әлем желіде желдей есіп жүргені басқа еңгіме, ал оны жасырып қалып жатқан жұмыс берушілер қаншама?

КОЛЛАЖ А.НҮР

## ЖАЛДАМАЛЫ ЖҰМЫСШЫНЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Біле білсеңіз, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында Үкімет өндірістегі еңбекті қорғау жүйесін нығайтатын реформаларды бастаған болатын. Бұл жұмыс өндірісте зиянды және қауіпті жағдайларда жұмыс істейтін 479 мың қызметкерді қамтитын іс-шаралар

кешенінен тұрады. Ал бұл мақсатта бүгінге дейін жасалған жұмыстар не берді және алдағы уақытта еңбек жағдайын жақсарту үшін қандай нақты қадамдар жасалады? Тереңнен тарқатайық.



Суреттер ашық дереккөзден алынды

## ЖАСТАР ТЕАТРҒА СИРЕК КЕЛЕДІ

Аружан СЕРІК:



Иә, әлем тұтастай ғажайыптан құралмаған. Дегенмен ерқайсымыз бір сәтке болса да сүйікті кейіпкеріміздің рөліне өніп, оның өмірін сүріп көруді армандаған шығармыз. Ал мұның шын мәнінде мүмкін екенін білесіз бе?

Мәселен, бүгінгі кейіпкеріміз актер Аружан Серік «Шолпанның күнәсіндегі» Шолпанның да, «Жас Алаш. Шыңдық шырағы» туындысындағы Ғайнижамал Дулатованың да бейнесін сомдап көрген. Ол – күн сайын сан түрлі образға өніп, сахна төрінде жүздеген тағдырды сомдап жүрген, өнерді жан-тәнімен сүйетін талантты актер.

Аружан Серікпен жүздесіп, сұхбаттасудың сәтін таптық. Назарларыңызға сұхбатты ұсынамыз.  
– Театр атты киелі шаңырақтың табалдырығын аттағаныңызға да біршама уақыт болды. Бұл жолға сізді арман жетеледі ме, әлде тағдырдың күтпеген тартуы ма? Өнер деген өмірге бет түзеуіңізге не түрткі болды? Ал отбасыңыз бұл таңдауды қалай қабылдады? Қайткенмен де «нәзік жан үшін өнер жолы қиын» деп жатады.  
– Өнер айдыныңдай жүргеніме он жылдай болып қалды. Ал сахнада кәсіби актриса ретінде жан дүниемді ашып, көрерменмен тілдесіп жүргеніме үш жыл толды. Актриса болу – менің таңдауым. Бала күнгі мұратым. Тіпті, әкемнің есімімді белгілі өнер иесі Аружан Саинның құрметіне, «өнерлі де өнегелі болсын» деген игі ниетпен қоюы – менің тағдырымның бағы іспетті. Маңдайыма өнердің қиын да қызықты жолы жазылғанына сенемін. Бұл жолда ата-анам ешқашан алдымнан кесекелденең еткен емес. Керісінше, қанатымды қатайтып, шығармашылық биіктерге самғауда үлкен қолдау көрсетті.

5-БЕТТЕ



КОЛЛАЖ А.НҮР



Жыл сайын елімізде жол-көлік оқиғасының статистикасын төмендетуге бағытталған ауқымды шаралар қолға алынады. Биыл Қазақстан Үкіметі мен Мәжіліс депутаттары тарапынан тағы бір жаңа бастама көтерілді. Енді автомектептерге қойылатын талаптар қатаңдатылып, олардың қызметін лицензиялау жүйесі қайта енгізіледі. Бұл қадам қоғамдағы сапасыз оқыту орталықтарын азайтады деген сенім бар.

4

• МАУСЫМНЫҢ ҮШІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ — МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

## АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ АХУАЛЫ ҚАНДАЙ?

Қан қысымым дұрыс болмай тұрғанын сездім. Күннің ыстығы шекені төсіп жіберердей болып тұр. Дәрігерге құлауға таяғанда баратын қазақы қалыппен бас дәрігердің есігін қаққанмын. Зинаида Әбдімәжитқызы жылы шырай таныта қарсы алды. Күлімдеп қарсы алған дәрігерге қарап, дертіне шипа іздеп келген жанның төн жарасын таңып, жан жарасын емдеп жіберердей маман екенін сезіндім.

Облыс орталығынан таяқ тастам жердегі Қоғалыкөл ауылындағы дәрігерлік амбулаторияда еңбек етіп жүрген білікті мамандар жетерлік. Алақандай ауылдағы шағын емдеу орнының кіреберісінен-ақ мұнтаздай тазалықты байқауға болады. Үнемі ауласынан көлік арылмайтын бұл жерден дертіне шипа іздеп келетін халықтың да қарасы қалың. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін осында.



2

БІЛЕКТЕГІ САҒАТТЫҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН ТАРИХЫ



8

Қазақтың көшпелі өркениетін көз алдыңызға елестетсеңіз, алдымен қараша үйден шыққан түтін, тұлпардың дүбірі, қолына қамшы ұстап, желмен жарысқан дала баласының бейнесі қатар келеді.

Иә, заман өзгерді, тұрмыс жанарды. Бірақ қамшы туралы түсінік, оған қатысты аңыз-әңгіме мен наным-сенім халық жадынан өшкен жоқ. Өйткені қамшы – өрілген бұйым ғана емес, ұлттың тарихы мен танымын, дүниетанымы мен дәстүрін бойына сіңірген рухани мұра.

## ҚАЗАҚ ПЕН ҚАМШЫ

7

## БАСПАСӨЗ — 2026

Алаш жастарының үніне айналған «Ақмешіт жастары» газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр. Өз газетіңе жазыл, жас дос! Біз ел жастарымын біргеміз!

«Ақмешіт жастары» газетіне 6 айға жазылу жеке тұлғалар үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 8000 теңге.



САХНА СӘУЛЕСІ СӨНБЕГЕН 10 МЕКЕН

5

# ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев аймақ тұрғындарын қабылдады. Азаматтардың басым бөлігі әлеуметтік қолдау, баспана, көшелерді асфальттау және жұмыспен қамту мәселелерін көтерді.

Мысалы, қабылдауға келген Арал ауданы Сексеуіл кентінің тұрғыны Ақтан батыр және Тәжібаев көшелерін асфальттау туралы айтты. Бұл көшелердің жобалық құжатын әзірлеу 2028 жылға жоспарланған. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен 2023 жылы Сексеуіл кентіндегі Ақорда тұйығы орташа жөнделген. Енді тұйықтың балабақшаға дейінгі бөлігін жөндеу алдағы кезеңге межеленген. Сонымен қатар «Базис-А» мекемесінің теміржолшыларға арнап салған тұрғын үйлер құрылысын аяқтау мәселесі де көтерілді. Қазір екі пәтерлі 38 тұрғын үйдің 8-і толық бітіп, белгіленген

тәртіппен пайдалануға берілген.

Қызылорда қаласындағы Әл-Фараби шағын ауданының тұрғыны балалар ойын алаңын салу, жол жөндеу және қоғамдық көлікке қатысты мәселелерді көтерді. Осыған байланысты аталған аумақта балалар ойын алаңын салуға арналған бос жер телімі анықталып, жобаны «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында іске асыру жоспарына енгізу көзделуде. Сондай-ақ Қызылжарма-3 тұйық көшесі тұрғындарының өтініші қаралып, мәселе оң шешімін тапты.

Инфрақұрылымды жақсарту бағытындағы жұмыстар да жүйелі



жүргізілуде. Әл-Фараби шағын ауданынан Қарауылтөбе ауылының шекарасына дейінгі аумақтағы жеті көшенің бесеуінде «Әлем Транс Жол» ЖШС жол жөндеді. Мұнан бөлек жұмыс мәселесі де көтерілді. Аймақ басшысы жұмыспен қамту назардан тыс қалмайтынын және заңнама аясында қарастырылатынын атап өтіп, әрбір тұрғынның өтініші бойынша жауапты сала басшыларына тапсырма берді.

Айта кетейік, облыс әкімінің жеке қабылдауына жазылу үшін тұрғындар «eGov» порталы, «e-Otinish» бірыңғай платформасы арқылы немесе әкімдікке жазбаша өтініш беру жолымен өтініш қалдыра алады.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

«Мен сабақ берген студенттердің 70 пайызы мамандық бойынша жұмысқа орналасып кетті» дейді Қызылорда медициналық жоғары колледжінің арнайы пән оқытушысы Азамат Дастан. Бүгінде шәкірт тәрбиелеп жүрген ұстаз – аталған оқу орнының түлегі. Мұнан бөлек, Санжар Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина университетінде білім алды. Бүгінде магистрлық білімді Ресейдің Томск қаласынан алуда. Білікті маман осы күні колледжде мейіргер ісі пәні бойынша шәкірт тәрбиелеп келеді.

Азамат ДАСТАН:

## ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ШАҚЫРСАМ, ШӘКІРТТЕРІМ КЕЛІП ТҰРАДЫ



Бүгінгі студенттің талабы таудай екенін айтқан ұстаз әлсін-әлсін өзінің алдынан өткен шәкірттерді байқап қалады. Тіпті, жедел жәрдем шақырғанда да оқу орнының түлектері көп кезігеді екен.

– Бір күні қатты ауырып қалдым. Бір есімді жиганда жедел жәрдем қызметкерлерінің қатарынан шәкіртімді көргендей болдым. Кейін аға қызметкерлеріне хабарласқаныма, маған алғашқы медициналық көмек жасаған сол шәкіртім екенін білдім. Тіпті басшылары да хабарласып айтып, мақтап жататын шәкірттерім көп. Ондай кезде данышпан Абай айтқандай «енбегің кетпес далаға» болғанын көріп, қуанып қаламын. Ал оларға сабақ беру барысында түрлі әдіс-тәсіл қолданамыз, аспаптарды көзбен көріп, қолмен ұстап үйренген баланы емдеу мекемелеріне жібереміз. Балалар сол жақтан пісіп, жетіліп, дамып келеді. Бұл – біз үшін үлкен қуаныш, – дейді Азамат Дастан.

Алғашында емдеу мекемесінде еңбек еткен Азамат кейін бағытын ауыстырып, ұстаздық етуге көшіпті. Өйткені, оның жүрек төріндегі қалауы да осы болған. Әйтсе де бұл оның осалдығы емес, Азамат Қазақстан бойынша медициналық оқу орындарының ең үздік 100 студентінің қатарына да кірген.

– Дәрігер болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Рас, бұл – мамандық, бірақ мамандықтан бұрын – жауапкершілігі зор сала. Мен шәкірттеріме мұны жиі айтамын. Дәрігердің бір қолында – өмір, бір қолында – өлім. Өмірді тандап, елге қызмет ете білу керек. Адам өмірін ажалдан арашалап алып қалатын сала. Сол себепті бұл салада таныс арқылы жұмыс істеу, аға-көкеңің арқасында ілініп-салынып жүру деген жок. Бұл салада әркім өз еңбегімен көгерді. Өзім студент кезде республикалық байқаулардан жеңімпаз атанып, колледждің мақтанышына айналғанмын. Қазір менің шәкірттерім де сол деңгейде келеді. Ұстаз үмітін ақтаған жанмын. Иә, мен ол үшін қуанамын. Шәкірттерім де осылай үмітті ақтап жүрсе, мен үшін одан артық не керек? – дейді оқытушы.

Иә, бүгінгі студент – ертенгі білікті маман. Сондықтан оларды осы кезден бастап Гипократ анттына адалдық танытып, ел игілігі жолында еңбек етуге баулу – Азамат тәртізді ұстаздардың мойнындағы жүк. Бүгінде Азаматтың шәкірттері емдеу мекемелерінің үздік қызметкерлерінің қатарында. Өзі еккен ағаштардың жемісін көрген сайын оның да төбесі көкке жетеді.

Дәулет ҚЫРДАН

Басы 1-бетте

## АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ АХУАЛЫ ҚАНДАЙ?

– Мұнда біреу басы ауырып, балтыры сыздап келеді. Тағы бірі тұрақты ем-домын алады. Енді бірі алдын-ала тексеріліп, денінің саулығын бақылайды. Облыс орталығындағыдай заманауи құрылғылар болмаса да, біз қолдан келген көмегімізді береміз, содан кейін орталықтағы емдеу мекемелеріне жолдамасын дайындаймыз, – дейді Зинаида Опабек.

Амбулаторияға бір айда 650-700-дей адам келеді. Іш ауру, тымау тәрізді ауру өршіген уақытта келуші саны артады. Ал қалыпты уақытта алты ай сайын қан қысымын тұрақтандырып, емделетіндер де жеткілікті. Одан бөлек, скринингтік тексеру, толық қаралу тәрізді топтар да бар. Соның барлығына 20-ға жуық маман қызмет көрсетіп келеді.

– Дәрігер болатын адамның жүрегі кең болуы керек. Өйткені, бұл сала мамандықпен қатар, адамдықты алға қою жауапкершілігін жүктейді. Алдына келген науқастың алдымен не мазалайтынын сұрап, оған жылы шырай танытып,



мейіріммен қарауын керек. Өйткені, ешкім дәрігердің алдына қуанғаннан бармайды. Бойындағы үрейі мен қорқынышын жойып, денінің саулығын оңдау үшін барады, – дейді бас дәрігер.

Расымен, қала іргесіндегі Аманкелді ауылынан арман қуып, дәрігер атанып, кейін өмір жолы оны Қоғалықөлге бағыттаған дәрігердің сөзінің жаны бар. Медицина саласының маманы жай ғана маман емес,

мықты адам болуы шарт. Әйтпегенде, жан дертіне дауа таппай, табалдырық тоздырған науқастың қажетіне жарағаны үшін бақытты болатын жан дәрігер емей, кім дейсіз?!

– Өмірде өзінің қоғамға қажет екенінді сезінгеннен артық не бар? Өмірдің мәні де сонда емес пе?! Нағашыларым дәрігерлер әулетінен. Соларға ұқсағанымыз шығар, ақ халат киюді арман еттім. Сол ақ халатты арымдай кірлетпей, елдің

қажетіне асып жатқанымыз. Дерт мазалап келген жанның кабинеттен күлімдеп шыққанынан артық нәрсе көрмедім. Әрбір жанның ауруынан жазылып кетіп жатқаны – біздің еңбегіміздің көрінісі. Оны қоғам болып, төбесіне көтеріп, ақ халатты абзал жандар атап жатқаны – біз үшін зор бақыт, – дейді дәрігер.

Ұжымның да тонның ішкі бауындай біте қайнасып, бірін-бірі толтырып тұрғанын мақтанышпен айтқан Зинаида Әбдімәжитқызы мереке қарсаңында лебізін де білдірді.

– Адамдар ауырмасын. Әрбір жан он екі мүшесі сау, көңілі тоқ болып, тәуелсіз еліміз жайнай берсін, – деді ол.

Кабинеттен шығып бара жатқаныма менің шыққанымызды күтіп тұрған келесі тұрғынды көріп, «алтын уақытын алдым-ау» деп ойланпай қалдым. Иә, олардың болмысында әрбір минутта сағаттың тілі елдің саулығы үшін соғып тұрған тәрізді.

Д.ТҰРСЫНХАНҰЛЫ

## СЫР БОЙЫНДАҒЫ СҰЛУ МЕКЕН

Туған жер – әр адамның жүрегіне жақын, ең қымбат мекен. Адам қай жерде жүрсе де, туған өлкесін сағынып, оның табиғатын, адамдарын және өткен өмірін еске алады.

Мен үшін де сондай қасиетті мекен бар. Ол – өзінің бай тарихы, сұлу табиғаты, мәдени мұрасы және еңбеккер халқымен ерекшеленетін, Сырдарияның жағасындағы Қызылорда.

Қызылорда облысы еліміздің оңтүстік-батысында орналасқан. Аймақтың негізгі тіршілік көзі саналатын Сырдария өзені өңірді екіге бөліп ағады. Ежелден бері Сыр бойы халықтың құтты қонысы болған. Өзен жағасында көптеген ауыл мен қала бой көтеріп, халық егін егіп, мал шаруашылығымен айналасқан. Мысалы ежелгі өркениеттің ізі сақталған Сығанак қаласы бір кездері сауда мен мәдениеттің ірі орталығы болған. Сонымен қатар Жанкент, Шірік-Рабат сияқты көне қалалардың орны да осы өңірде орналасқан. Бұл тарихи ескерткіштер халқымыздың бай мәдениеті мен өркениетін дәлелдейді.

1925-1929 жыл аралығында Қызылорда Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының астанасы болды. Осы кезеңде қалада түрлі мемлекеттік мекеме ашылып, ұлттық баспасөз бен әдебиет қарқынды дамыды. Сондықтан Қызылорда қаласы қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихында маңызды орын алады.

Туған жерім ұлы тұлғаларымен де танымал. Солардың ішінде түркі әлеміне ортақ тұлға Қорқыт атамыз орны ерекше. Бүгінде Қорқыт ата мемориалдық кешені Қазақстанның маңызды тарихи-мәдени орындарының бірі саналады. Бұл кешенге еліміздің түкпір-түкпірінен және шетелден көптеген турист келеді.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығымен де кеңінен танымал. Әсіресе, күріш еліміздің көптеген аймағына жеткізіледі. Ал әлем үшін маңызды ғылыми орталық саналатын ғарыш айлағы да біздің өңірде орналасқан.

Өңірдің табиғаты да ерекше. Жазы ыстық, қысы салыстырмалы түрде жұмсақ келеді. Табиғаттың қатал жағдайына қарамастан, халық еңбеккерлігінің арқасында өңірді гүлдендіріп келеді. Сырдария жағалауы жасыл желекке бөленіп, табиғаттың көркем келбетін көрсетеді.

Бір кездері әлемдегі ең үлкен қолдың бірі болған Арал теңізі өңір экономикасы мен табиғатына зор әсер етті. Өкінішке қарай, теңіздің тартылуы үлкен экологиялық мәселеге айналды. Дегенмен кейінгі жылдары теңізді қалпына келтіру мақсатында маңызды жобалар жүзеге асырылып келеді.



Қызылорда халқы өзінің қонақжайлығымен, мейірімділігімен және ұлттық дәстүрге беріктігімен ерекшеленеді. Мұнда қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары кеңінен сақталған. Өңір жастары ата-баба мұрасын құрметтеп, ұлттық құндылықтарды сақтауға үлкен мән береді.

Қызылорда – балалық шағымның куәсі, арманымыз бастауы, болашағыма жол ашқан қасиетті мекен. Сондықтан туған өлкемізді өркендеп, гүлденуі үшін білім алып, адал еңбек ету – азаматтық борышымыз.

Әділет СМАҒҰЛ,  
С.Толыбеков атындағы №3 ІТ  
мектеп-лицейінің оқушысы

Бауыр деген бір әлем ауыл бөлек,  
Бауырларсыз жүгің де ауыр демек.  
Әр бауырдың амандығын тілейік.  
Өмірде әр адамға бауыр керек.

Бауыр – адамның өмір жолындағы жақын серігі, қуанышынды бөлісетін, мұңына ортақтасатын жан. Өмірде дос та, таныс та көп болуы мүмкін, бірақ бауырдың орны әрдайым бөлек. Өйткені бауыр – балалық шағының куәсі, жүрегінің бір бөлшегі.

Адам өскен сайын бауырдың қадірін тереңірек түсінеді екен. Кейде бірге өткізген қарапайым сәттің өзі уақыт өте келе қымбат естелікке айналады. Сондықтан әр адамның өмірінде бауырдың амандығы мен жанында болуы үлкен бақыт.

Мен үшін де бауыр ұғымы ерекше мағынаға ие. Сол үшін жүрегімде мәңгі сақталған жан туралы ой бөліскім келеді.

Рас, біреуге ұзақ, біреуге қысқа ғұмыр бұйырады. Бірақ өмірдің мәні оның ұзақтығымен емес, артында қалдырған ізмен өлшенетін секілді. Себебі кей адам аз ғұмыр кешсе де, айналасына мейірім мен жылу сыйлап, көптің жүрегінен өшпейтін орын табады.

## БАУЫРДАН АРТЫҚ ЖАН БАР МА?

Менің ағам Тұрсынхан Бақашар Бақытұлы сондай жан еді. Ол бұл өмірде небәрі он жеті жыл ғана ғұмыр кешті. Бірақ сол қысқа уақыттың ішінде айналасына адамдықтың, бауырмалдықтың, мейірім мен ізгіліктің қандай болатынын көрсете білді. Оның асқарқын мінезі, ешкімге қиянаты жоқ таза жүрегі, жақындарына деген ерекше қамқорлығы біз үшін ең қымбат естелікке айналды.

Ағамның күн секілді нұрланып тұратын жүзінен күлкі кетпейтін. Жас болса да, әрдайым айналасына шуақ шашып, тез тіл табыса білетін. Оның жанында жүрген әр адам өзін ерекше жақын сезінетін. Өйткені ол барлығына құрметпен қарап,



үлкенге ізет, кішіге қамқорлық танытатын. Міне, дәл осындай асыл қасиеттері оны көптің жүрегіне жақын етті.

Уақыт тоқтамайды. Күн жылға ұласты. Бірақ сағыныштың салмағы жеңілдер емес. Өмір жалғасқанымен, өткен күндердің елесі көңіл төрінен орын алып, ағамның жарқын бейнесі көз алдымызға келеді. Сондай сәтте жылы дауысы, шынайы күлкісі мен мейірімге толы жанары сақталған естеліктері жүректі шымырлатады.

Жұлдызым ерте солай сөнгенің бе?  
Бізді тастап мәңгіге кеткенің бе?

Жарқырап жүрген едің бір кездері,  
Лапылдаған оттай тез сөнгенің не?

Орның қалды үңірейіп ортамызда,  
Мұң ұялап бүгінде баршамызға.  
Жалт еткен бір найзағай секілденіп,  
Кеттің бе сен қосылмай қатарымызға?

Көңіл шіркін сенбейді-ау кеткеніңе,  
Сұм ажалдың ертерек жеткеніңе.  
Іштей жанып, шіркін тынғаның ба,  
Шыдай алмай өмірдің өткеліңе?

Иә, аспанда жарқырап тұратын жұлдыздың да ғұмыры әртүрлі. Бірі ұзақ жарқыраса, енді бірі ерте сөнеді. Бірақ олардың сәулесі жүректен де, санадан да өшпейді. Менің ағам да жүрегімізден мәңгіге орын алған, ерте сөнген жарық жұлдызым.

Кәусар ТҰРСЫНХАН

Басы 1-бетте

**ЖАУАПТЫ КІМ?**

Жаз маусымы басталды. Енді білім алып жүрген кей студенттер 3 ай бойы колқушырып жатпай, екі қолға бір күрек іздейді. Өздерін ересек сезініп, ата-анасына қолғанат болып, бірі курьер, даяшы болса, енді бірі құрылыстан нәпақасын табады. Міне, осы жастардың арасында басын қауіпке тігетіндер құрылыс жұмысын жасайтындары. Мұндай жағдай басын өткен кейіпкер ретінде көп оқиға көз алдымыздан өткен.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев мәлімдеген дерекке сенсек, өңірлердің бөлінісінде зиянды жұмыспен айналысатындардың ең көп саны кенді Қарағанды (84 мың), Павлодар (57 мың), Шығыс Қазақстан (42 мың) және мұнайлы Маңғыстау (43 мың) облыстарында шоғырланған. Мәселен, электр энергиясымен, газбен жабдықтау саласында 40 мың адам жұмыс істейді. Бұл – еңбек жағдайы қауіпті саналатын жұмысшылардың жалпы санының 8,5%-ы.

– Қазақстанда зиянды және қауіпті жұмыс істейтін жұмысшылардың саны 479 мың адамды құрайды. Экономика салалары бойынша жұмыскерлердің 61 пайызы өнеркәсіп саласында еңбек етіп жатыр. Еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін мәселенің бірі өндірістік жарақаттануды жасыру болып тұр, – дейді министр.

Әлдебір адам жұмыс кезінде мерткісе, ТЖ болса, компания жетекшілері тиісті орындарға хабар жетпеуі, сырдың сыртқа шықпауы, «бас жарылыс – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде» қалуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды.

Еңбек инспекторларына мұң-зарын жеткізгендердің хаттары адам тағдырының қалай ойыншыққа айналғанын айғақтайды.

(5 жағдайдан). Аймақтар арасында жасырылған жарақаттанудың ең көбі Атырау облысында (10 жағдай), Астанада (7) және Ақмола облысында (6) тіркелді.

Еңбек заңнамасын сақтау және азаматтардың еңбек құқығын қорғау мақсатында 2026 жылы мемлекеттік еңбек инспекциясы 2,4 мыңнан астам жоспардан тыс тексеру жүргізді. Нәтижесінде 2,8 мыңға жуық бұзушылық анықтанды. Орындалуға міндетті 1 630 нұсқама берілді. Қабылданған шаралар нәтижесінде 22 мыңнан астам жұмыскердің еңбек құқығы қорғалыпты. Сондай-ақ министр Асқарбек Ертаев 2024 жылдан бері өндірістегі жазатайым оқиғалар саны 4,5%-ға төмендеді деп отыр. Соның ішінде өлімге әкелген жазатайым оқиғалар саны 7,9%-ға азайыпты. Зардап шеккендердің ең көп үлесі тау-кен металлургия кешені (16%), құрылыс саласы (10%) және мұнай-газ секторы (5%) кәсіпорындарында байқалады. Бірақ мұндада қанша оқиға жасырын қалғаны белгісіз.

Жантүршігерлік оқиғалар бір салада ғана емес, өзге де жерлерде орын алып жатыр. Мәселен, «Қазмырыш» компаниясының 6-рядты шпур бұрғылаушысы, шығысқазақстандық Даниярдың (есімі өзгертілді) оқиғасы жаға ұстатады. Оның айтуынша, бірер жыл бұрын өндірістік тапсырмаларды орындау барысында жазатайым оқиға орын алған. Кен қабаты опырылып, Данияр үйіндінің астында, тау-кен қазындысының қуысында қалып қояды. Іздестіру-құтқару жұмыстары екі күнге созылды.

– 40 сағат бойы тас қараңғыда, оттегінің таусылуы, улы газдардың жоғары шоғырлануы жағдайында жаттым. Галлюцинация басталып, небір үрейлі «көріністен» азап шектім. Айналам – құрамында сілті мөлшері жоғары мұздай батпақ.

Суық бойды қарып барды. Құрдым



Суреттер ашық дереккөзден алынды

Жұмыс орында ауыр жарақат алып, төсекке таңылған жұмысшының ем-домын қаржыландыру үшін басшылар құзырлы орындарға арызданбауды басты шарт ретінде қояды екен. Тіпті, қасірет құшқан отбасыларға көмек қолын созу үшін де осындай безбүйрек келісімдер ұсынылып, шындықтың үнін өшіруге тырысады. Заңнан араша іздеуге бел буғандарға: «Бәрібір түк өндіре алмайсындар, біздің заңгерлер істі ұзақ жылдық созбалаңға салады, ол арада құрылтайшылар ауысып, кәсіпорын қайта тіркеледі де, ескі күннің кінасі үшін ешкім жауап бермейді», – дейді. Сұмдық па?

Расында ең зиян жұмыс кеншілердікі екені белгілі ғой. Ал құрылыс көп жүріп жатқан Астана қаласында талай жастың биіктен құлап, тіл тартпай кеткені айтыла бермейді. Бірнеше жыл бұрын әлеуметтік желіде Қызылорда қаласының тұрғыны бас қалаға жұмыс іздеп кеткен ұлынан 2-3 күн хабар ала алмаған бейнеролигі кең таралды. Жүрегі бір жамандықты сезген анасы алып-ұшып құрылыс басына жетеді. Бар жәйт сол жерде баяндалады. Бірнеше қабаттан құлаған жас бірден мерт болыпты. Мәселені жасырғысы келген жұмыс берушілер ата-анасы келген бойда қомақты қаржы ұсынып, көпке жария етпеуін сұраған. Дегенмен жалғызнан айырылған жан қазақстандықтардан көмек сұрап, жауаптылардың жазаға тартылуын сұраған. Алайда біршама уақыт өткеннен кейін мәселенің қалай жабылғаны туралы ештеңе айтылмады. Өкінішті...

**ЖАСЫРЫН ОҚИҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖЕҢІДТЕ МЕ?**

2026 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жұмыс берушілердің өндірістік жарақатты жасыруының 39 фактісі тіркелген. Бұл тек әшкереленгені ғана. Экономика салалары бойынша жасырылған жарақаттану фактілерінің дені – қызмет көрсету саласында (18 жағдай), өңдеуші өнеркәсіпте және құрылыс саласында

батпаққа батып кетпеу үшін үнемі тросты жабыса ұстап тұруға тура келді. Құтқару үшін мен тұрған тұста 8 жарылыс циклі жүргізді, бұл контузияға әкеп соқты. Соңғы жарылыстан кейін есту қабілетімнен айырылдым, – дейді ол.

Өуелде Қазақстанда «орташа ауырлық дәрежесіндегі жалпы ұсу» деген «қарапайым» диагноз қойылыпты. Шахта астындағы сұмдық болмағандай, базбір далада мас болып құлап, сәл-пәл үсіп қалғандай. Бірақ жағдайы ауыр болғандықтан, жұмыс беруші зардап шеккен жұмысшының Ресейде, кейін Израильде емделу шығындарын өз мойнына алған. Ондағы дәрігерлер науқастың «денсаулығына ауыр дәрежелі өндірістік жарақат санатына жататын зақым келгенін» куәландырған. Алайда шетелдік мамандардың тұжырымдары қабылданбапты. Себебі Данияр жер бетіне шығарылғаннан кейін қалалық ауруханаға жеткізіліп, артынша жедел жәрдеммен облыстық ауруханаға жөнелтілген. Әйткенмен, ертесіне-ақ ол ауруханадан шығарылып, өз бетімен үйіне оралған.

Зардап шегушінің айтуынша, шетелдік дәрігерлер қазақстандық әріптестерінің нәліктен диагноздардың бәрін бірдей көрсетпегеніне таңтамаша қалған. Қалалық аурухананың жолдамасында «сырқаттың есі дұрыс, сұрақтарға анық



жауап берді» деп жазылыпты. Бірақ ол қандай сауалдар қойылып, оған не дегенін өзі білмейді.

– Мен сұрақтарға анық жауап берген болсам, онда 40 сағат бойы қандай жағдайда болғанымды, мені құтқару үшін үстімнен жарылыс жұмыстары жасалғанын, 2 күн сусыз,

тамақсыз, құрғақ киімсіз зиянды батпақта жатқанымды, оттегінің аз болғанын және басқасын егжей-тегжейлі айтып беруім керек қой? Ауру анамнезі жедел жәрдем бригадасының сөзінен құрастырылған. Бригада менімен бірге үйінді астында жатты ма? Менің түсініктемелерім қайда? Нәліктен сот-медициналық сараптама жүргізілмеді? Маскарасы сол, қалалық аурухананың эпикризінде жарақаттың өндірістік екені көрсетілмеген, – дейді кейіпкер.

Ол емделу жолында арпалысып жүргенде, арада біраз жыл сырғып өте шыққан. Елге оралған соң жедел жәрдем қызметінен – құтқарылған сәттегі жағдайы және ауруханалардан – қандай медициналық әрекеттер жасалғаны сипатталған барлық құжаттың сұратқанда, олардың 2 жыл ғана сақталып, жойылғаны жөнінде жауап алыпты. Зардап шегуші: «қалалық және облыстық аурухана дәрігерлері дер кезінде тар бейінді мамандарын тез жұмылдырып, тиісті көмекті толыққанды көрсеткенде, денсаулыққа сонша ауыр зақым келмеген болар еді», – деп өкінеді. Енді Данияр ғұмыры таусылмайтын емдоммен өтпек. Сұмдық болғанда, eGov.kz жүйесінде оның басынан өткен бұл қасірет «тұрмыстық жарақат» деп таңбаланыпты. Бұдан шығатын қорытынды:


өндірістегі апаттардың талайы, өндірістік жарақаттардың үлкен бөлігі осылайша көзбояушылықпен бүркемеленіп, тасада қалып жатса керек.

**АДАМ ӨМІРІНІҢ МӘНІ – ЕҢБЕК**

Еңбек министрлігі жұмыскерлердің еңбек құқығын қорғаудың бір тетігі ретінде оларды сақтандыру жүйесімен қамтуды ендіріп жатыр. «Жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырумен 174 мың кәсіпорынның 118 мыңы (68%-ы) қамтылды. Еңбек заңнамасын бұзушылықтың алдын алу мақсатында 170 профилактикалық бақылау тексеруі жүргізілді», – деп атап өтті министр А.Ертаев.

Мұның сыртында әлеуметтік шиеленісті уақытылы анықтау және еңбек жанжалдарының алдын алу мақсатында министрлік Еңбек тәуекелдері картасы арқылы әлеуметтік-еңбек саласының мониторингін жүргізеді. Мониторингпен 98 мың кәсіпорын қамтылған. Тәуекел деңгейін бағалау нәтижелері бойынша жоғары тәуекел санатына – 2 мың 300 кәсіпорын, орташа тәуекел санатына 3 мың 200 кәсіпорын кіреді. Министр бұл картаның алдын алу шараларын қабылдауға және еңбек жанжалдарын болдырмауға көмектесетініне сендірді. Бірақ оның әлі де шикі екені анықталды. Олқылықты жою үшін министрлік Еңбек тәуекелдері картасын Қаржы, Әділет, Денсаулық министрліктерінің, Бас прокуратураның ақпараттық жүйелерімен интеграциялауы қажет.

А.Ертаевтың мойындауынша, жұмыс берушілер еңбекті қорғауға үстірт-формалды қарайды. Бұдан бөлек, жеке қорғаныс құралдары мен құрал-жабдықтарымен уақытылы қамтамасыз етпеуі, ескірген жабдықты пайдалануға беруі және басқа мәселелер бар. Алысқа бармай,



Астана және өзге ірі қалалардың көшелерінде клинкерлік кірпіш қалап, бордюр орнатып, тротуар тақталарын төсеп жүрген жұмысшыларды жиі көреміз. Олардың ешқандай қорғаныш құралынсыз, бет-аузын орамалмен ғана танып немесе оны да жасамай, қыш кірпіштерді «бол-

гаркамен» бұрқырата кесіп жатады. Қолқаны қабар қою шаңның ортасында тұншыққан ол жігіттердің сонда өкпесінен не қалады?

Айтпақшы, Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Өріновтің түсіндіруінше, қауіпті өндірістік нысандарды бақылау үшін ЖИ технологиялары қолданыла бастады. Елде өнеркәсіптік қауіпсіздік шаралары нығайтылып, өндірістік бақылауға, кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттауға қойылатын бірқатар талап күшейтілді, тозған жабдықты уақтылы жаңарту жоспарын келісу міндеті белгіленді.

– Елде қауіпті өндірістік орындардағы адам өлімі 2,5 есе, жарақат алу 25%-а азайды. Осы жылдың 5 айында бақылаудағы нысандарда 43 оқиға, 13 авария тіркелді, оның ішіндегі 10-ы бойынша тергеу аяқталды. Жұмысшылар қаза болған «Востокцветмет» шахтасында және «Қазмырыш» зауытында орын алған екі ірі авария бойынша тергеу жалғасады. Алдын ала болжам бойынша «Востокцветмет» шахтасындағы аварияға тау-кен жұмыстарын жобалық құжаттама талаптарын бұзып жүргізу және жұмыс өндірісінің тиісті деңгейде ұйымдастырылмауы себеп болған, – деді Шыңғыс Өрінов.

Министрдің мәліметінше, биыл 5 айда тексерілген кәсіпорындарда 10 мыңнан астам өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының бұзылуы анықталды. Өртүрлі санаттағы 523 қызметкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 62 млн теңге айыппұл салынды. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ересек бұзушылықтар анықталған 600-ден астам нысан мен техникалық құрылғылардың жұмысы тоқтатылды. Алайда министр жеке-леген кәсіпорындар енгізілген шектеулерді елемей, ТЖ қауіпін арттырып, өз жұмысын жалғастырығанына шағымданды.

– Цифрландыру аясында ЖИ енгізу арқылы «е-ТЖМ» бірыңғай цифрлық платформасы әзірленіп жатыр. Жүйеде қауіпті өндірістік нысандарды есепке алу және авариялар мен жарақат алудың деректер банкі, бизнес-процестерді автоматтандыру, сондай-ақ нысандардағы қауіп-қатерлерді болжау көзделеді. Былтыр Президент тапсырмасымен 55 шахта мен кенорны тексерілді. 45 нысанда жаңа қауіпсіздік жүйелері орнатылды. 14 шахта мен кенорныдағы бейнебақылау және позициялау жүйелері министрліктің Дағдарыс орталығына қосылды, – деді министр Ш.Өрінов.

Үкімет техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған саясатты жүзеге асыру жұмыстары жалғасатынын мәлімдеді. Айта кету керек, Мемлекет басшысы сәуірде қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелері туралы заңға қол қойды. Осы еңбек басқа шаралар жұмыскерлердің құқығын сақтауға, еңбекті қорғауға пәрменді ықпал етсе жөн. Өндірістік жарақаттануды, қайғылы жағдайларды азайту тек заңның қатаңдығына ғана емес, оның іс жүзінде мүлтіксіз орындалуына да тікелей байланысты болмақ.

2024 жылы Астана қаласында 12-қабатта терезеден құлап түскен Ақылбек 4-қабатқа жеткенде арнайы терезелерге қойылған торға ілініп түседі. Бұл да негізі қауіпсіздік үшін қойылған. Өмірі көз алдында өткен жұмысшының айтуынша, бірінші қабаттың төменінде темір құралдар жиналған. Абырой болғанда тор үстіне түсіп, аман қалды. Әйтпесе, арты қайғылы оқиғаға ұласқан болар еді. Ақылбек сол сәттен кейін құрылыс саласындағы жұмыстарға мүлдем жоламай кетті.

Мұнан бөлек, дәл сол құрылыс басында краншы жігіттің кешкілік жұмысын аяқтап түсіп келе жатқанда құлап, мерт болғанын естігенбіз. Өрине, бұл жерде жұмыс жасаушының да қауіпсіздік белдігін тағып, ережесін сақтауы жаттыр. Десек те одан кейінгі жағдайларда да күмән көп.

Қорыта айтсақ, еңбек етіп жүрген жастардың қауіпсіздігі мен құқығының сақталуы – қоғамның басты міндеттерінің бірі. Олардың еңбек заңнамасымен қорғалуы әлеуметтік тұрақтылыққа да ықпал етеді. Дегенмен, кей олқылықтың бармақ басты, көз қыстыға салып жабулы күйде қалуы алаңдатарлық мәселе. Сондықтан әрбір жұмысшы өз құқығын біліп, ал жұмыс берушілер заң талаптарын қатаң сақтауы қажет. Әділдік пен қауіпсіздік қамтамасыз етілген жерде ғана жастардың еңбекке деген сенімі артады.

Басы 1-бетте

**Талап күшейсе, қауіпсіздік арта ма?**

Бір ай бұрын Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол қауіпсіздігін цифрландыру және жүргізушілерді даярлау саласындағы кәсіпкерлік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Заң аясында автоматтасқан рұқсат алу үшін қажетті материалдық-техникалық база, оқу алаңдары, оқытуға арналған көліктер және білікті оқытушылар болуы тиіс. Одан бөлек рұқсат алған оқу ұйымдарының мемлекеттік тізілімін құру қарастырылған. Бұл тізілім рұқсат алғаннан кейін оқу ұйымдарының қызметін

**Реформа нені өзгертеті?**

Қызылорда қаласында жүргізушілерді даярлайтын бірнеше автокөпестік жұмыс істейді. Оған қоса теориялық білім мен практикалық жүргізу дағдыларын үйрететін оннан аса оқу орталығы бар. «Жаңа лицензиялау жүйесі, қатаң талаптар автокөпестіктердің жұмысына кедергі келтірмейді ме?» деген сауалмен сала басшысының пікірін білдік.

– Автокөпестіктерге қойылатын талаптардың күшеюін оң бағалаймын. Себебі өзгерістер жүргізушілерді сапалы даярлауға, жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға және оқу процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл қоғам үшін пайдалы қадам деп есептеймін. Әрине, жаңа талаптарға бейімделу кезеңінде

оқыту жүйесінің заман талабына сай емесін айтады.

– 2025 жылы Қазақстан жолдарында 2330 адам қаза тапты. Бұл бір шағын қала немесе ауылдың халқымен тең. Бізге түбегейлі реформа қажет. Қазір жүргізушілерді 50-70 жыл бұрынғы әдіспен оқытып жатырмыз. Мен 30 жыл бұрын құқық алған кезде де билеттер дәл осындай болатын, – дейді сарапшы.

**Автокөпестіктердің әлемдік үлгісі қандай?**

Әлемнің әр түпкірінде жүргізуші куәлігін алу тәртібі мен талаптары бір-бірінен ерекшеленеді. Кейбір елдерде жүргізуші болуға үміткерлер ұзақ уақыт арнайы дайындықтан өтіп, бірнеше сатылы күрделі сынақтардан өтеді. Мұның бәрі жол қауіпсіздігін сақтап, көлік апатының алдын алуға негізделген. Осы орайда жаһан елдерінде автокөпестіктерге қандай талап қойылатынын зерттеп көрдік.

Барлық елге ортақ басты бір талап бар. Оқу орталықтары ресми рұқсатқа ие болып, қажетті техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілуі және білікті мамандармен жұмыс істеуі

тиіс.

Сонымен қатар оқу барысында теориялық білім мен көлік жүргізу тәжірибесі қатар қамтылады. Мысалы, Жапонияда жүргізушілерді даярлау жүйесі қатаң тәртіпке негізделген. Бұл мемлекет жол қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөледі, сондықтан жүргізуші дайындау бағдарламасы әлемдегі ең күрделі жүйелердің бірі саналады. Көптеген азаматтар лицензиясы бар арнайы автокөпестіктерде білім алады. Мұндай оқу орындарында жеке автодром, бекітілген оқу жоспары және арнайы сертифицирталған нұсқаушылар болуы міндетті. Жапонияда жүргізуші куәлігін алу орта есеппен 350 мың иенді құрайды, бұл шамамен 1 миллион тенге шамасында.

Германияда да жүргізуші куәлігін алу жауапты әрі күрделі процесс саналады. Бұл елде болашақ жүргізушілер тек көлікті басқаруды ғана емес, жолдағы түрлі қауіп-қатерге дұрыс әрекет етуді үйренеді. Сондықтан автокөпестіктерге қойылатын талаптар өте жоғары. Олар міндетті түрде мемлекеттік лицензия алуы қажет. Сабақ өткізу үшін арнайы жабдықталған көліктер мен тәжірибелі нұсқаушылардың болуы шарт. Германияның кейбір аймақтарында жүргізуші куәлігін алу шығыны 4500 еуроға дейін жетеді, бұл шамамен 2,5 миллион тенгеге тең.

Ал АҚШ-та жүргізушілерді даярлау тәртібі әр штаттың заңына байланысты өзгереді. Сол себепті талаптар да аймаққа қарай әртүрлі болады. Мәселен, Калифорнияда жас жүргізушілер кәсіби нұсқаушымен белгілі бір сағат көлемінде тәжірибеден өтіп, ата-анасының бақылауымен қосымша көлік жүргізуі керек. Ал Техас штатында теориялық сабақтардың бір бөлігін интернет арқылы оқу мүмкіндігі қарастырылған.

АҚШ-тағы автокөпестіктерге қойылатын талаптар Германия мен Жапониямен салыстырғанда біршама жеңілдеу. Кейбір нұсқаушылар арнайы қысқа мерзімді дайындықтан кейін жұмыс істей алады. Ел бойынша жүргізуші куәлігін алу бағасы штат ерекшелігіне қарай шамамен 300-ден 1000 долларға дейін өзгереді.

**СҰРАНЫС ӨЗГЕРГЕНДЕ...**

**«Қазақтелеком» басшысы Бағдат Мусиннің «vibe coding білмейтін, оны қолдана алмайтын адамды жұмысқа алмаймыз» деген мәлімдесін сіз де естіген боларсыз. Иә, бүгін жұмыс іздегенге оңай олжа жоқ. Нарықтағы бәсекелестік артып, дағдылардың «жарамдылық мерзімі» бұрынғыдан әлдеқайда қысқарды.**



тырады. Еңбек нарығындағы бәсеке «кім жақсы жұмыс істейді?» деген сұрақтан «кім жақсы жүйе құрады?» деген деңгейге ауысты.

Жаһандық тренд айқын. Бірақ негізгі сұрақ – Қазақстан осы өзгеріске қаншалықты дайын? Бүгінде елімізде цифрлық трансформация жүріп жатыр. eGov жүйесі, банк секторындағы автоматтандыру, телеком саласындағы AI шешімдер соның дәлелі. Дегенмен

еңбек нарығының ішкі құрылымы бұл қарқынға толық ілесіп алған жоқ. Көп жағдайда ЖОО бағдарламалары мен нарықтағы сұраныстың арасында алаштық бар. Бір жағында жаңа технологияларды меңгерген жас мамандар болса, екінші жағында дәстүрлі білімге сүйенген кадрлар қалып отыр.

Мысалы келесі төрт жылдықта елге 900 мыңға жуық маман қажет. 529 977 инженерия саласына қажет маман болса, педагогикалық бағыттағы мамандарға қажеттілік 21%. Ал қызмет көрсету, гуманитарлық ғылымдар, бизнес, шығармашылық секілді салаға шамамен 19 пайыз маман қажет. Алайда бүгінгі жасқа IT, стоматология, халықаралық қатынастар секілді сала қызығырақ.

– 2026-2027 оқу жылына 89 457 мемлекеттік грант бөлінді. Оның ішінде 75 371-і – бакалавриатқа, 11 007-сі – магистратураға, 3 079-ы – докторантураға арналған. Мемлекеттік тапсырысты бөлу ел экономикасының 2030 жылға дейінгі кадрлық қажеттілігі болжамымен үйлестірілді. Гранттарды бөлу кезінде инженерлік, IT, аграрлық, педагогикалық және жаратылыстану бағыттарына басымдық берілді. Гранттардың 60%-ы инженерлік-техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтарына, 21%-ы педагог кадрларды даярлауға бағытталды, – дейді министр Саясат Нұрбек.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Ербол Тұяқбаевтың мәліматетіне сәйкес, жасанды интеллектті жаппай енгізу елде 300-400 мың жұмыс орнын қысқартуға әкелуі мүмкін.

– Жасанды интеллект жаппай енгізілсе алдағы 10 жылда көмекші қызметкер, бухгалтер, заңгер секілді, сондай-ақ адамның жеке араласуын қажет етпейтін өзге де мамандықтарға қатысты болуы ықтимал.

Сондықтан қазіргі өзінде мамандарды өзгерістерге дайындап жатырмыз. Жыл басынан бері 186 мың адамды басқа мамандықтарға қайта оқыттық. Бұл тәжірибе барлық өңірде бір мезгілде іске асып жатыр. Астанада «JOLTAP» деп аталатын шағын сары бутиктер бар, оған кез келген адам бара алады. Қайта оқытудан өтіп, өзіне лайық жұмыс таба алады, – деді ол.

Қазіргі жұмыс берушілердің талаптарын үш деңгейге бөлуге болады. Біріншіден, техникалық деңгей. Бұл деңгейге AI құралдарын қолдану, цифрлық платформалармен жұмыс, автоматтандыру жүйелерін түсіну жатса, когнитивтік деңгейде аналитикалық ойлау, мәселені құрылымдау мен шешім қабылдау қабілеті бар. Тез үйрену, өзгеріске бейімделу мен үздіксіз даму мәдениеті метадағды деңгейіне кіреді.

Еңбек нарығындағы ең маңызды трансформациялардың бірі – әлеуметтік немесе білім теңсіздігі емес, цифрлық теңсіздік. Яғни адамдар арасындағы айырмашылық енді дипломмен емес, технологияға бейімделу жылдамдығымен өлшенеді. Бір жағында жаңа құралдарды тез меңгеріп, өнімділігін бірнеше есе арттырып жатқан мамандар бар. Екінші жағында дәстүрлі дағдыға сүйеніп, өзгерістен тыс қалып бара жатқан топ тұр. Халықаралық ұйымдар бұл үрдісті «skills gap» – дағдылар алаштығы деп атайды. WEF деректеріне сәйкес, жұмыс берушілердің 60%-дан астамы негізгі мәселе ретінде дәл осы дағдылар жетіспеушілігін көрсетеді.

Еңбек нарығының бүгінгі беталысында жұмыс мазмұны да, оны атқару тәсілі де, тіпті маман құнының өлшемі де өзгеріп жатыр. Бұрын тәжірибе мен диплом негізгі капитал болса, қазір басты артықшылық – технологияға бейімделу жылдамдығы. Бұл – еңбек нарығына кірудің жаңа тілі. Сұраныс өзгергенде...

**ҚАУІПСІЗ ЖОЛҒА БІР ҚАДАМ**

бақылауға мүмкіндік береді. Тізілімді жүргізу Ішкі істер министрлігіне жүктеледі.

– Бүгінгі қоғамда қауіпсіздікке деген тұрақты сұраныс бар. Жолда да, аулада да, цифрлық ортада да әр адам өзін қауіпсіз сезінгісі келеді. Заң жобасы жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Ол үшін жүргізушілерді даярлау жүйесін жетілдіру, салаға заманауи цифрлық құралдарды енгізу және цифрлық ортада адамның қауіпсіздігін күшейту көзделіп отыр. Осыған байланысты жол қозғалысы ережелерін бұзуды тіркейтін техникалық құралдарды пайдалану тәртібі нақтыланады. Мұнымен қоса, заң жобасында автокөпестіктердің қызметіне мемлекеттік бақылауды күшейту ұсынылады. Атап айтқанда автокөпестіктердің қызметіне рұқсат беру тәртібі енгізіледі. Ол үшін «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңға өзгерістер енгізілмек, – деді Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева.

Ішкі істер министрлігінің мәлімдеуінше, қазір елімізде 727 автокөпестік жүргізушілерді даярлайды. Осыған дейін жүргізілген тексеру барысында автокөпестіктердің басым бөлігінде оқу сапасына тікелей әсер ететін кемшіліктер анықталған. Мәселен, автодромдарда жол белгілері мен таңбалар жеткіліксіз болса, кей орындарда жарықтандыру талапқа сай болмаған. Ал кейбірі оқу көліктерін техникалық ақаумен пайдаланылған. Тіпті 59 оқу ұйымының жүргізуші даярлау кезінде міндетті техникалық тексеруден өтпеген әрі сақтандыру полисі жоқ көліктерді қолданғаны белгілі болды. Осыған байланысты 20 ұйғарым беріліп, заңбұзушылықтарды жою талап етілген.

Айта кетейік, автокөпестіктердің қызметі «Автокөпестік» ақпараттық жүйесі арқылы бақыланады. Бұл жүйе арқылы берілген куәліктердің заңдылығы, оқу сағаттары мен оқу көліктері онлайн режимде тексеріледі.



Суреттер ашық дереккөзден алынды

автокөпестіктерге белгілі бір ұйымдастырушылық және қаржылық жүктеме түсуі мүмкін. Алайда ұзақ мерзімді перспективада бұл өзгерістер білім беру сапасын арттырып, жауапты жүргізушілерді даярлауға ықпал етеді.

Біздің автокөпестікте оқу процесі қолданыстағы заңнама мен белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдастырылған. Материалдық-техникалық база, оқу бағдарламалары және ішкі тәртіп мемлекеттік стандарттарды сақтауға бағытталған. Заңға сәйкес талаптар жаңартылған жағдайда біз де өз жұмысымызды жетілдіріп, барлық нормативтік өзгерістерге уақытылы бейімделуге дайынбыз, – дейді «Қайрат» автокөпестігінің директоры Шалқарбек Молдахмет.

Ал жуырда ғана жүргізуші куәлігін алған қала тұрғыны Сәбира Қайырбекқызы көлік жүргізу салғырт қарайтын дүние еместігін айтады.

– Маған көлік жүргізуді үйрену оңайға соқпады. Бірақ баланы балабақша, емхана, ойын алаңдарына қоғамдық көлікпен апару одан да қиын. Жеке көлікпен баламды еркін, тез жеткізу үшін автокөпестікте жол ережесін оқып, үйреніп жүргізуші куәлігін алдым. Бұл қадамға балаларым үшін барғандықтан, үлкен жауапкершілік сезіндім. Жүргізуші куәлігін сатып алмауымның басты себебі де осы. Мен оқыған автокөпестіктің жабдықталуы, ішкі тәртібі көңілімнен шықты. Алдағы уақытта сапаны нығайту мақсатында өзгерістер енгізілсе артық етпейді деп ойлаймын, – дейді екі баланың анасы.

Мамандардың сөзіне сүйенсек, жүргізушілерді даярлау жүйесін жаңарту қажеттігі жол апатының көбеюімен байланысты. Кейінгі уақытта автокөпестік түлектерінің қатысуымен орын алған апаттар да тіркелген.

Автосарапшы Алексей Алексеев отандық басылымда қазіргі

Г.ЖҰМАДИН

Інжу МАРЖАН

## Аружан СЕРІК:

Басы 1-бетте

– Алғаш сахнаға шыққан сәт есіңізде ме? Сол кездегі тұла бойыңызды билеген толқыныс пен сезімді қалай сипаттар едіңіз?

– Кәсіби сахнамен алғашқы қауышуым студенттік жылдарымда басталды. Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясынан үзінді сомдаған сәт – менің актриса ретіндегі екінші туған күнім. Ішім алай-дүлей. Өзімді қабылдай алмай, сахна алдындағы үрей мені біраз есендіреткені рас. Алайда сол рөл арқылы мен қорқынышымды жеңіп, бас жүлдені иеленгенде, сахнаның құдіретін сезіндім.

– Сахнада қаншама кейіпкердің тағдырын аркалап жүрсіз. Солардың ішінде жаныңызға жақын, болмысыңызбен үндес рөліңіз қайсы? Кейіпкердің тағдырынан өз меніңізді таба адыңыз ба?



– Әрбір рөл – менің рухани перзентім іспетті. Әр кейіпкердің мінезі, қатпар-қатпар сыры болады. Актёр үшін кейіпкердің ішкі сезіміне бойлау зерттеуді қажет етеді. Менің жүрегіме ерекше жақын бейне «Жас Алаш. Шындық шырғағы» тарихи драмасындағы Міржақып Дулатұлының жары Гайнимажамалдың рөлі. Тарихи тұлғаны бейнелеу – үлкен жауапкершілік. «Ұлт ардақтысының жарына лайық бола аламын ба?» деген сауал ұзақ мазалады. Десе де сол рөл арқылы тарихтың тереңіне бойлап, қазақ әйелінің қайсарлығын сезінгендей болдым.

– Театр төрінде әлі де бағындырғыңыз



келетін биік бар ма? Мүмкін, арманыңыздағы рөл немесе сізге қатты әсер еткен өзге бір қойылым бар шығар?

– Шығармашы адамның арманы таусылсын ба... Күнделікті қарбалас жұмыстың арасында кейде қиялға ерік беруге уақыт та табылмай жатады. Бірақ менің басты арманым – халықаралық деңгейдегі фестивальдерде бағымды ашып, қазақ театр өнерінің қуатын көрсете алатын, психологиясы күрделі кейіпкерді сомдау. – Сахна қателікті кешірмейді. Кинода екінші дубльмен түзетуге болатын сәттер театрда мүмкін емес. Тәжірибенізде сөзден жаңылысқан немесе әріптесіңіз мәтінді ұмытып, келесіздік туған сәттер болды ма?

– Иә, сахна қателікті кешірмейді. Егер рөліне немесе қойылымға еш қызығушылықсыз қарасаң, сахна сені бірден өшкере берсін. Әрине, қойылым жаңды болған соң, сөзден жаңылатын немесе мәтінді ұмытып

қалатын сәттер болады. Бірақ біз – командамыз. Серіктестеріммен өзара түсінісіп, көрерменге білдіртпей, жағдайдан шығып кететін кез көп болады. Бұл – актерлік шеберлік және өзара сенімнің жемісі.

– Әр жанда үлгі тұтатын маман, «осы кісідей болсам екен» деген ой болады. Ал сізде кәсіби тұрғыда қызығушылық танытатын актер бар ма?

– Мен біреудің көлеңкесінде қалып қояды не еліктеуді ұнатпаймын. Десе де заманауи театр өнерінде Зарина Корменнің өнеріне ерекше тәнтімін. Оның сахнадағы пластикасы, рөлді берудегі энергетикасы мен ішкі қуаты маған шабыт береді.

– Қаламыздың театр мәдениеті мен бүгінгі көрерменнің талғамына көңіліңіз тола ма? Сахнадан халықтың ыстық ықыласын сезіне аласыз ба?

– Өкінішке қарай, Сыр елінде театр өнеріне деген қызығушылықты әлі де жандандыра түсу керек. Себебі жастар театрға сирек келеді. Бұл әрине жанға қаяу түсіреді. «Бізге мұндай театр бар ма? Қойылымдары

«Аружан-ай!» деп ренжіп жататын сәттері өміріміздің бір бөлігіне айналды.

– Рөлді жүректен өткізу, кейіпкердің қасіретімен өмір сүру күнделікті мінезіңізге, болмысыңызға қалай әсер етті?

– Әр кейіпкер – актердің жанынан бөлініп шыққан бөлшек. Соңғы қойған премьерамыз – Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» трагедиясы мен үшін үлкен сынақ болды. Шолпанның ішкі арпалысы мен мұның түсінімін деп күйзеліске түскенім рас. Тіпті күнделікті өмірде де сол образдың әсерінен шыға алмай, есендіретп жүрдім. Десе де бұл – мамандыққа деген адалдықтың белгісі деп білемін.

– Актёр де шаршайды, мұнады. Бірақ шымылдық түрілгенде бәрін ұмытып, көрерменге бақыт сыйлауды – басты міндет санайсыздар. Сіздің өміріңізде «күрек жылап тұрса да, сахнада күлуге» тура келген сәттер болды ма?

– Театр әртісінің еңбегі көбіне көрінбейтін майдан іспетті. Сырт көзге бәрі оңай, бәрі мереке болып көрінуі

## ЖАСТАР ТЕАТРҒА СИРЕК КЕЛЕДІ

қызық па екен?» деген сауалдарды естігенде іштей қынжыласын. Алайда театрға бір келген жан оның әлемінен айналып өте алмайтынына сенімдімін. Егер қолдайтын көрермен болса, бар жанымызды салып ойнауға дайынбыз.


– Сахна сыртында көрермен көзіне түсе бермейтін, тек театр адамдарына ғана мәлім қызықты сәттер көп. Жұмыс барысында болған, есіңізге түссе, езуіңізден күлкі кетпейтін бір оқиғаны баяндап берсеңіз.

– Иә, сахна сырты өз алдына бір әлем. Менің бір қызық қылығым бар. Сахнада эмоцияға беріліп кеткенде өте серпінді, іріміз қимылдайтынмын. Соның кесірінен әріптестерімді абайсызда жаракаттап алатын кездерім болады. Біреуін байқамай ұрып жіберсем, енді бірінің аяғын басып кетсем. Сахнада байқалмаса да, бәрі біткеннен кейін әріптестерімнің

мүмкін. Бірақ біздің де ішімізде толып жатқан мұң мен шешім таппаған мәселелер бар. Сахнаның заңы – өмірде қайғы жамылып тұрса да, комедияда күлуің керек. Бақыттан басың айналып тұрса да, драмада жас төгуің қажет. Мұндай сәттер аз емес. Бірақ көрерменнің ыстық ықыласы мен сахнаның құдіреті барлық мұңды ұмыттырып, бойыңа ерекше рух береді.

– Рақмет!

Әңгімелескен  
Мерей ШӨКРАТ



## САХНА СӘУЛЕСІ СӨНБЕГЕН

Адамзат тарихында уақыттың тезіне төтеп берген өнер түрі аз емес. Солардың ішінде театрдың орны ерекше. Ғасыр ауысса да, технология қарыштап дамыса да, кино мен цифрлық платформалар көбейсе де, сахнаның құдіреті әлсіреген жоқ. Өйткені театр – тек қойылым көрсететін ғимарат емес, ол адам жанының айнасы, қоғамның тамырын басып тұратын рухани кеңістік. Мұнда сөз сөйлейді, сезім сөйлейді, кейде үнсіздік те сөйлейді.

Әлемнің әр түкпірінде өнердің қасиетті ордасына айналған театрлар бар. Олар сәулет өнерінің жауһары ғана емес, мәдениет тарихының алтын парағы саналады. Бір театрдың залында патша мен ел басшылары отырған, кейбірінде әлемдік деңгейдегі опера мен балет алғаш рет қойылған. Бүгін біз әлемдегі ең әйгілі он театрға саяхат жасап көрейік.

# 10 МЕКЕН

Миландағы Ла Скала – операның қасиетті мекені

Италия десе көз алдымызға өнер мен музыка келері сөзсіз. Ал музыка әлемінде Милан қаласындағы Ла Скала театрының орны ерекше аталады. XVIII ғасырда бой көтерген бұл театрды көптеген өнертанушы опера өнерінің Меккесі деп атайды. Неге екенін білесіз бе? Ла Скаланың сахнасында Джузеппе Верди, Джакокино Россини секілді ұлы композиторлардың туындылары орындалды. Әлемнің ең үздік әншілері дәл осы сахнада өнер көрсетуді үлкен мәртебе деп біледі. Театрдың қызыл және алтын түсті интерьері көрерменді сөзсіз ертегі әлеміне жетелейді. Мұнда қойылым басталған сәттен-ақ өнердің салтанаты сезіледі.

Париждегі Гарнье операсы – сәулет пен сұлулықтың симфониясы

Франция астанасының жүрегінде орналасқан Гарнье операсы көрген жанды таңғалдырмай қоймасы анық. Себебі ғимараттың сыртқы келбеті де, ішкі безендірілуі де патша сарайын еске түсіреді. Мәрмәр баспалдақ, алтын жалатылған мүсіндер, алып хрусталь шамдар – мұның бәрі өнерге деген құрметтің белгісі. Бұл театр тек қойылымдарымен ғана емес, әлемге әйгілі «Опера елесі» романына шабыт берген мекен ретінде де танымал.

Лондондағы Корольдік опера театры – дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысқан жері

Ұлыбританиядағы ең беделді театрлардың бірі – Лондонның Корольдік опера театры. Ковент-Гарден ауданында орналасқан бұл мәдени орталық бірнеше ғасыр бойы өнер сүйер қауымның назарынан түскен емес.

Мұнда классикалық опералар мен заманауи қойылымдар қатар сахналанады. Театрдың басты ерекшелігі – дәстүрге адалдық пен шығармашылық батылдықтың үйлесуі. Сондықтан оның репертуары әрдайым бай әрі қызықты.

Вена мемлекеттік операсы – музыка астанасының мақтанышы

Вена қаласы әлемдік музыка мәдениетінің бесігі саналады. Моцарт пен Бетховеннің ізі қалған қаладағы мемлекеттік опера театры өнердің шынайы гивадатханасы десек артық айтқандық емес. Жыл сайын мұнда жүздеген қойылым көрсетіледі. Театрдың акустикасы соншалық мінсіз болғандықтан, әрбір дыбыс көрермен жүрегіне дәл жетері анық. Вена операсына бару көптеген саяхатшы үшін тарихи ескерткіш көруден кем әсер қалдырмайды.

Нью-Йорктегі Метрополитен операсы – жаңа әлемнің өнер сарайы

АҚШ-тағы ең танымал театрдың бірі – Метрополитен операсы. Нью-Йорк қаласындағы бұл алып өнер ордасы жыл сайын миллиондаған көрерменді қабылдайды. Театр заманауи технологияларды батыл қолданумен ерекшеленеді. Ерекшелігі – мұндағы қойылымдар тек залдағы көрерменге ғана емес, әлемнің ондаған еліне тікелей көрсетіледі. Осы арқылы классикалық өнер жаңа аудиторияға жол тауып отырғаны тамсандырмай қоймайды.

Мәскеудегі үлкен театр – балет өнерінің символы

Әлемдік балет туралы сөз қозғалса, Мәскеудегі үлкен театрды айтпағанымыз әбестік болар. Оның сахнасында талай әйгілі биші өнер көрсетіп, балет тарихына өз есімін алтын әріптермен жазып кеткен. Ғимараттың сән-салтанаты

сыртынан-ақ көз тартады. Ал ішке енгенде қызыл барқыт пен алтын өрнектерден көз сүрінеді. Бұл театр бүгінде Ресей мәдениетінің басты рәміздерінің бірі саналады.

Сидней опера театры – теңіз жағасындағы ақ желкен

Кей театрлар тарихымен әйгілі болса, кейбірі сәулетпен есте қалады. Австралиядағы Сидней опера театры дәл сондай ғимараттардың қатарында.

Теңіз жағасында орналасқан театрдың төбесі желкенге ұқсайды. Сондықтан ол әлемдегі ең танымал сәулет нысандарының біріне айналған. Қазір бұл ғимарат Австралияның халықаралық символдарының бірі болып есептеледі.


Буэнос-Айрестегі Колон театры – Латын Америкасының інжу-маржаны

Аргентина астанасындағы Колон театры әлемдегі акустикасы ең жақсы театрлардың қатарында. Көптеген әнші, дирижерлер бұл сахнада өнер көрсетуді армандайды. Театрдың салынуына бірнеше елдің сәулетшілері қатысқандықтан, оның келбетінен түрлі мәдениеттің лебін байқауға болады. Прагадағы Ұлттық театр – халық рухының көрінісі чех халқы үшін Ұлттық театрдың мәні ерекше. Бұл ғимарат қарапайым халықтың қаржысына салынған мәдени нысан ретінде тарихта қалды. Театрдың алтын күмбездері Прага аспанында жарқырап көрінеді. Оның сахнасында ұлттық драмалар мен музыкалық қойылымдар жиі орындалады. Сондықтан бұл театр мәдени мекемеден гөрі ұлттық мақтанышқа көбірек ұқсайды.

Афинадағы Герод Аттик театры – көне дәуірдің тірі күзегі

Ежелгі Грекиядағы театр өнерінің мұрасы бүгінге дейін сақталған. Мысалы Афинадағы Герод Аттик театры. Екі мың жылға жуық тарихы бар бұл ашық аспан астындағы театр әлі күнге дейін көрермен қабылдайды. Көне тас орындарда отырып қойылым тамашалау – өткен дәуірмен тілдескендей әсер сыйлайды. Мұнда өнер мен тарих бір-бірімен астасып жатыр. P.S: Бүгінде адамзат виртуалды әлемге бет бұрды. Қалаған фильмді телефоннан көре аласың, кез келген концертті интернеттен табуға болады. Бірақ театрға деген қызығушылық азаймады. Себебі театрдың басты құндылығы – тірі эмоция. Әлем елдеріндегі атакты театрлар адамзаттың мәдени жадын сақтап тұрған шамшырақ іспетті. Олар өткеннің мұрасын бүгінге жеткізіп қана қоймай, жаңа буының эстетикалық талғамын қалыптастырады. Миланның Ла Скаласы мен Сидней операсы, Вена операсы мен Афинаның көне театры – барлығы да өнердің ұлт пен шекараға бағынбайтын әмбебап тіл екенін дәлелдейді. Сол үшін өнерді, сахнаны сыйлай білейік, құрметті оқырман!

Нұршат НЫШАНОВА



суреттер ашық дереккөзден алынды







## ҚАЗАҚ ПЕН ҚАМШЫ

Басы 1-бетте

Оның әр өрімінде көшпелі өмірдің ізі, әр түйінінде бабалар тағалымы бар. Ол ер азаматтың айбынына, сөздің салмағына, тіпті адамның қадір-қасиетіне баланған. Дала заңында кейде бір ауыз сөздің орнына бір қамшы жүрген. Оны аяқасты тастамаған, баспаған, төрге ілген.

Ендеше, қамшының киесі деген не? Халық оның құдіретін неге ерекше бағалаған? Қамшы қазақ өмірінде қандай қызмет атқарған? Осы сауалдардың жауабын бірге іздейік.

Өмірдің өзін қамшының сабына теңеген қазақ ол арқылы түрлі мәселе шешкен. Мысалы әділдік іздеген адам қамшысын әуелі бидің алдына тастайтын болған. Бұл – «Менің уәжімді тыңдаңыз, әділ төрелігіңізді айтыңыз» деген ишара. Ал бұрын жігіт ұнатқан қызының үйіне қонақ ретінде барып, кетерінде қамшысын билдірмей керегеге іліп кететін. Бұл арқылы қызға құда түсуге ниетті екенін білдірген. Егер қыз жағы келіссе, қамшыны қайтармайды. Келіспесе, жаушы келгенде қамшы иесіне қайтарылады.

Тіпті қаралы хабарды да қамшымен жеткізген. «Қамшы сабы сыңса, қатын өледі» деген көне ұғым бойынша әйелдің қазасын естірткенде қамшының сабын сындырған. Мұндай белгіні көрген жұрт сөз айтпай-ақ жағдайды түсінген. Мұнымен қоса халықтың түсінігінде қамшы жамандықты қуады, пәле-жаладан қорғайды. Сол үшін кей өңірде сарала қамшыны үйдің керегесіне іліп қойған. Жас босанатын келіншектің үйіне де қамшы ілу дәстүрі кездескен. Мұның барлығы халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан наным-сенімі мен дүниетанымынан туған.

Қазақ ырымдарының көбінде қамшының қатысуы да тегін емес. Ұл баланың тұсауы кесілгенде қолына қамшы ұстату – «азамат болсын» деген тілек. Тайға мінген балаға қамшы беру – «ер жетсін, ел қорғайтын ер болсын» деген ырым.

Қазақ жігітінің қолындағы қамшы оның әлеуметтік мәртебесін де білдірген. Өрімі әдемі, күміспен күштелген қамшы ұстаған адам дәулетті әулеттің перзенті болуы мүмкін. Ал қарапайым қамшы күнделікті тіршіліктің белгісі саналған. Сондықтан азаматты қамшысына қарап таныған деген сөз бекер айтылмаған. Өйткені

ол иесінің талғамын, тұрмысын, кәсібін аңғартқан.

Қамшыны қалай ұстауды да өзіндік әдебі болған. Оны сүйретіп жүрмеген, жерге тастамаған, үйге салбыратып кірмеген. Мұның бәрі тәрбиенің белгісі саналатын.

Қамшы жасау – үлкен шеберлікті талап ететін өнер. Қайсы арнайы иленіп, таспа етіп тілінеді. Кейін бірнеше өрімге бөлініп тоқылады. Ал сабына көбіне тобылғы пайдаланылған. Тобылғы мықтылығымен, төзімділігімен ерекшеленеді. Сондықтан ғасырлар өтсе де жарылмайтын қамшылар кездеседі. Сонымен қатар әр бөлігі жеке атауға ие. Өрімі, сабы, алақаны, бүлдіргесі, мойнағы, айдары, шашағы сияқты ондаған бөлшек оның күрделі өнер туындысы екенін көрсетеді.

Этнографтар қамшының ондаған түрі болғанын айтады. Шабандоздарға, көкпаршыларға лайықтап жасалатын түрі, тіпті жас жұбайлардың отауына ілінетіні де болған. Ал қыз-келіншектер ұстайтын қамшы сәндік сипатымен ерекшеленген. Дойыр қамшы, дүре қамшы, шоқпар қамшы сияқты түрлері күш пен батырлықты бейнелеген. Әр қамшының атауы оның қызметіне байланысты қойылған.

Бүгінде қамшыны ұлттық бұйым ретінде білеміз. Алайда бір кездері ол ұрыс кезінде әскердің негізгі қаруы да болған. Қамшыны шебер менгерген адамдар қамшыгер атанған. Олар қамшымен қарсыласын аттан түсіріп, өзін қорғай алған. Ел аузында бір тартқанда қалың теріні тіліп түсетін қамшыгерлер туралы аңыздар бар.

Қамшының құдіреті оның қайысында да, тобылғы сабында да емес. Оның құдіреті – халықтың сан ғасырлық жадында. Қамшы арқылы қазақ бала тәрбиеленеді, ел биледі, сөз жеткізді, дәстүр сақтады. Қамшы арқылы азаматтың мәртебесін өлшеді, ұлға үміт артты, жас шаңыраққа бата берді. Сондықтан оны өткеннің көне жәдігері деп қарау азық етеді. Ол – ұлттың мінезін, дүниетанымын, рухын сақтап тұрған мәдени кодтардың бірі. Қамшы қолда жүрсе – құрал. Ал оның мәнін түсінсеңіз – тұтас бір халықтың тарихы мен тағдыры көз алдыңызға келеді. Қамшы, құл болсаң – төбенде, ұл болсаң – қолыңда.

Инжу МАРЖАН

## ТҰМАР ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында әрбір бұйымның өз орны, өз мәні болған. Кей зат күнделікті тұрмысқа қажет болса, енді бірі халықтың дүниетанымы мен рухани құндылығының ажырамас бөлігіне айналған. Сондай киелі бұйымдардың бірі – тұмар.

Тұмар – жай ғана сәндік әшекей емес. Ол халқымыздың наным-сенімімен, өмірге көзқарасымен, болашаққа деген үмітімен астасып жатқан ерекше мұра. Ертеде қазақтар адамды жамандықтан, тіл-көзден, бәле-жаладан қорғайтын қасиеті бар деп сенген. Сондықтан тұмарды тек әдемілік үшін емес, рухани қалқан ретінде де таққан.

Зерттеушілердің пікірінше, тұмар тағу дәстүрі түркі халықтарының арасында өте ертеден қалыптасқан. Археологиялық қазбалардан табылған көптеген жәдігер бұл бұйымның ғасырлар бойы қолданылғанын дәлелдейді. Кейбір көне тұмардың ішіне қасиетті деп есептелген тас, жануарлардың сүйегі немесе түрлі өсімдік салына, ислам діні кең тарағаннан

кейін оның ішіне Құран аяттары жазылған қағаз салынатын болған.

Қазақ арасында, әсіресе, балаларға тұмар тағу кең тараған. Нәресте дүниеге келгенде ата-анасы оның амандығын тілеп, мойнына немесе бесігінің басына тұмар іліп қойған. Бұл баланы тіл-көзден, түрлі қауіптен сақтайды деген сенімнен туған. Тіпті кей өңірде жас келін тұмар таққан, себебі жаңа түскен келінге көпшілік назар аударады, сондықтан оны көз тиоден қорғау қажет деп есептеген.

Тұмардың түрі де әр алуан. Үшбұрышты, төртбұрышты, цилиндр тәрізді пішіндер кездеседі. Әсіресе үшбұрышты тұмар көп кездеседі. Шеберлер оны күмістен жасап, бетіне ұлттық орнаменттер түсірген.

Бүгінде тұмардың қызметі бұрынғыдай емес. Ғылым мен технология дамыған заманда адамзаттың дүниетанымы өзгерді. Дегенмен тұмар өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Қазір ол ұлттық мәдениеттің бір белгісі ретінде бағаланады.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде көптеген халық өз болмысын сақтап қалуға



ұмтылып жатыр. Ұлттық киім, ұлттық тағам, ұлттық өнермен қатар, тұрмыс мәдениетінің осындай бөлшектері де ұлттың келбетін айқындайды.

Тұмар – қазақтың рухани әлемінен сыр шертетін шежіре. Ол өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір іспетті. Сондықтан атадан қалған аманатқа құрметпен қарап, оның тарихын жас ұрпаққа таныту – әрқайсымыздың парызымыз.

Қорлан САРЫ

## АСАТУ – АС АРҚАУЫ

«Жақсы жандардың жан жылуы дариды, шарапаты тиеді» дейді халық даналығы. Қазақ дәстүрге бай халық. Әрбір салттың астарында жақсылыққа жорамал, білгенге амал, көргендіге ғибрат жатыр. Соның ішінде үлкеннен бата алу мен «асату» дәстүрі – ізеттілік пен ырымның биік белгісі. Бұл – жақсылықтың жолын берсін деген ақ ниеттен туған жоралғы.

«Асату» – тек қазаққа ғана тән, жаны жомарт халықтың болмысын айшықтайтын ерекше үрдіс. Көпті көрген парасатты қариялардың, ел ардақтаған ақсақалдардың қолынан сарқыт жеуді, яғни ет асауды кез келген қазақ баласы зор мәртебе, киелі бата ретінде бағалаған.

Бала кезінде Шәкірат атамның әңгімелерін естіп өстім. Бірде үйімізге сыйлы қонақтар келіп, қазан көтеріліп, мәре-сәре болды. Ас үстінде атам маған қойдың құлағын асатты. Оның мәнін түсінбеген едім. Қонақтар аттанып, қарбалас басылған соң, атамнан: – Ата, сіз неге маған қойдың құлағын

асаттыңыз? – деп сұрадым.

– Е-е, құлыным. Бұрынғы әдеп-ғұрып деген өздеріңше жақсы болған ғой... Қонақ келсе, ақсақалдар шақырып, шөй берді, мал сояды. Тамақ піскен кезде кейбіреулер сол ақсақалдар отырған үйге жас балаларын алып келеді. «Менің балама тамақтан асат» дейді. Үлкен ақсақалдар балаға ас береді. Қойдың, ешкінің құлағы. Сондағы ниет – құлағын естігіш болсын, жан-жақты, білімді, бәрінен хабардар құймақұлақ азамат бол, – деген еді ол.



Балалық шақтан ерекше есте қалған осы бір сәт бүгінде сағынышқа айналды. Қазір мұндай дәстүрді сирек кездестіретіміз өкінішті. Атамның

«Үлкен тойларда балалар «Атамның қолынан тамақ асаймын» деп кезекке тұратын» деген сөзі салттың маңызын айқындап тұрғандай. Өрине, бұл әдет әлі де жойылған жоқ, бірақ заман ағымымен асату салты сиреп бара жатқаны жасырын емес.

«Асату» дәстүрі жайлы қалам тербеген жазушылар аз емес. Әсіресе, заңғар жазушы Сәбит Мұқановтың болмысы осы дәстүрмен астасып жатыр. Ол кісінің қолынан дәм татуды үлкен-кіші мәртебе санаған. Белгілі ақын Сырбай Мәуленов Сәбит ағамыздың қолынан ет асаған сәтін мақтанышпен еске алып:

«Келіп менің бата алып, көп жасағым, Өз қолынан Сәбеннің ет асадым», – деп жырлаған екен.

Халқымыздың біртуар перзенті Бауыржан Момышұлы да бұл дәстүрге ерекше мән берген. Оның келіні Зейнеп Ахметова «Күретамыр» кітабында атамның Сәбит Мұқановты қалай еске алғанын жазады. «Ата марқұм дастарқанға ет қойылғанда ылғи Сәбит Мұқановты есіне алып, «Сәбен жарықтық ет асатудың шебері еді. Ол кісінің қолынан дәм татуға құмарлар көп болатын. Сәбеннің берекелі де аялы алақанынан сарқыт тигендер мақтанып айтып жүретін. Сырбай Мәуленовтің Сәбеннің қолынан ет асағаны жайлы жазған өлеңі де бар», – деп ыстық ықыласпен жазған.

Иә, «асату» – мейірім мен ізеттің, бата мен тілектің жалғауышы. Десе де мұның күннен күнге ұмыт болатыны көңілге қаяудай батады...

М.МАЙБЕКҚЫЗЫ

# Шаңырақ астындағы тарих

Ауылға барған сайын қара шаңырақтағы киіз үйдің орны көзге ыстық көрінеді. Қанша уақыт өтсе де киіз үйдің дөңгелеген аумағы қалыбын жоғалтпаған. Бала күнімде түндігі түрілген сол үйде әжем ертегі айтып, шешем шай құятын. Ішіне кіргенде нағыз қазақтылықты сезіндіретін осы бір шағын ғана қарауі қолданыстан шығып бара жатқандай сезіледі де тұрады...

Жай ғана баспа емес, халық үшін қасиетті саналатын осы туынды қазақтың өткен ғасырдағы «шедеврі» тәрізді. Кең жайлауда мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі мәдениетті дамытқан қазақтың даналығын тез тігіп, жылдам жығатын осы үйдің тарихынан бағамдауға болады. Расында көшпелі өркениеттің тұрмысы мен салт-дәстүрі, рухани мұрасы осы киіз үйдің төрінде салтанат құрған.

Бір қызығы, киіз үйді жасау үлкен шеберлік пен ептілікті, асарлатуды талап еткен. Бір ғана адамның емес, бүтін бір әулеттің жұмыла жасайтын ісі болған десек қателеспейміз. Ағаш ұсталары кереге, уық, шаңырақты дайындаса, қолөнерші әйелдер киіз басып, үй жабуларын бау-басқұрларын әзірлеген. Үйге қажетті киізді көбіне қой жүнінен басқан, себебі ол қыста жылууды сақтап, жазда үйге салқындық беретін болған. Бұл қазақ қоғамындағы қолөнер шеберлігі мен отбасы бірлігін көрсететін үрдіс деуге болады.


Тыныс-тіршілігі төрт мезгілге бейімделген қазақтың киіз үйі табиғатпен тамаша үйлеседі. Қазіргі тілмен айтсақ, киіз үй – нағыз экологиялық баспана. Оның желге төзімді, қыста жылы, жазда қоңырсақын болуы, табиғи материалдардан жасалуы сөзімізге дәлел.

Киіз үй ішіндегі тәртіп, тазалық та бүгінгі буынды таңырқатпай

қоймайды. Мәселен, төрге үлкен кісіні отырғызу, босағаны құрметтеу секілді ұғымдар киіз үй мәдениетімен байланысты. Тіпті бұл баспананың ішкі кеңістігіне арнайы атау берілген. Есіктен кіргендегі оң жақ бөлік ата-ананың орны болса, сол жақ тұрмыс құрмаған қыз бен үйленбеген ұлдың орны саналған. Ал үй ортасы «ошақтың орны» деп атала, есіктен ошаққа дейінгі аралық «есік жақ» немесе «босаға» делінген. Үйдің айнала етегін «ірге» деп атаған. Қазақ бақ үйдің шаңырағында, босағасында, төрі мен табалдырығында, керегесі мен іргесінде тұрады деп ырым еткен. Сол себепті де үй бөліктеріне көздің қарашығындай қарап, ретті етіп, аялап ұстаған.

Киіз үйлер қолданылуына қарай тұрғын үй қызметіндегі, қонақ қабылдауға арналған және жылжымалы болып бөлінген. Бұдан бөлек, қойма немесе сарай орнына қолданылған асхана қызметіндегі киіз үй де болған. Байқап қарасаңыз, киіз үйдің бөліктері мен жабдықталуы тұтас бір ғылымды қамтып тұрғандай. Мәселен, шаңырақ – киіз үйдің ең қасиетті бөлігі. Ол үйдің төбесін ұстап қана қоймай, отбасының, ұрпақ жалғастығының символы белгісін көрсетеді. Қазақта «шаңырағың биік болсын» деген тілек осыдан шыққан. Уық – шаңырақты керегемен байланыстыратын ағаш бөліктері. Олар үйдің күмбез тәрізді пішінін жасайды. Ал кереге – киіз үйдің қабырғасын құрайтын тор көзді ағаш құрылым. Сондай-ақ үйді жауып тұратын туырлық, үзік, есік немесе сықырлауық, түндік секілді киіз үй жабдықтары бар. Ертеде киіз үйді көлеміне қарай тасымалдау үшін бірнеше түйе қажет болған. Осы орайда көз тартар көркемдігімен ерекшеленетін қазақтың ақ үй, ақ орда, боз үй, отау үй деп аталатын түрлеріне тоқталсақ.

Ақ орда – қазақ феодалдарының, сұлтандарының халық шеберлеріне арнайы жасататын киіз үйі. Орда туралы мәліметтер 16-18 ғасырдағы тарих зерттеушілерінің еңбектерінде кездеседі. Саяхатшы Христофор Барданестің жазбасында сұлтандардың киіз үйі үлкендігімен, ақ түсті әрі жабдықтарының сән-салтанатты болуымен



ерекшеленгені айтылады. Ондай киіз үйлердің бірнеше бөлмеге бөлінгені, ортасында үлкен қазан асулы тұратыны да деректерде көрсетілген.

Ал жастарға арналған киіз үйдің отау және күйме атты екі түрі болған. Отау – қазақтың байырғы сөзінің бірі. Бұл үлкен үйден бөлініп шыққан, бірақ әлі де сол ауылдың ықпалымен көшіп-қонатын үй екенін білдіреді. Тарихта отаудың да сәнді үй жиһаздарымен көзге түскені айтылады. Күймелі арба үстіндегі киіз үй – қыпшақтар мен ноғайлардың, қазақтардың көшіп-қонғанда, ұзақ жолда жүргенде пайдаланған тұрғын үйі. Оларда тек қыздар мен балалар қоныстанған. Бұл туралы Рубрук «Әйелдер өздеріне тән әдемі күймелер жасатқан. Олар бойжеткен қыздар тұратын бөлме қызметін атқарған» деп жазады.

Айта кетейік, қазақта ақ түс тазалықтың, молшылық пен берекенің белгісі саналған. Киіз үйдің ақ түсте болуы және кей деректерде «ақ үй», «ақ орда» аталуы да осымен байланысты.

Тарихты зерделегенде, киіз үйдің дипломатиялық орын болғанын да көруге болады. Ертеде елге келген сыйлы қонақтар, билер мен батырлар киіз үйге түсіп, халық арасындағы түйінді тақырыптарды кеңескен. Киіз үйдің төріне отырғызу арқылы адамның дәрежесі мен құрметі де анықталған.

Р.С. Көшпенділер кеңестінде киіз үйдің орны қашан да тарихи маңызға ие. Кең далаға қаншама тас камал үйлер тұрғызылса да, қазақтың әр баласы киіз үйді көргенде жылы естеліктері есіне түсіреді. Себебі киіз үйдің шаңырағында халықтың тарихы, керегісінде бірлігі, ұғында үміті сақталған.

Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ



## САҒАТТЫҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН ТАРИХЫ

Бүгінде білегіне сағат тақпаған адам бірен-саран. Смартфондар заманы келгенімен, қолсағат әлі де танымал әрі сұранысқа ие аксессуарлардың бірі болып қала береді. Алайда көпшілік оның адам өміріне енуіне соғыстың ықпал еткенін біле бермейді.

Ғасырлар бойы сағат қалтада алып жүретін бұйым саналған еді. XVIII-XIX ғасырдағы ерлер киімінде арнайы сағат қалтасы болған. Ал оған тағылған шынжыр қажеттілік қана емес, несінің әлеуметтік мәртебесін білдіретін сәндік белгі еді. Қалтасынан сағатын шығарып, қақпағын ашып, уақытқа көз салу сол дәуірдің қалыпты көрінісі болатын.

Дегенмен оны қолға тағу идеясы XIX ғасырдың басында-ақ пайда болған. Тарихшылардың айтуынша, 1810 жылы сағат жасайтын шебер Авраам-Луи Бреге Наполеон Бонапарттың қарындасы Каролина Мюратка арнайы білезік-сағат әзірлеген. Алайда мұндай бұйымдар уақыт көрсететін құралдан гөрі қымбат әшекей ретінде бағаланды. Оны көбіне әйелдер пайдаланса, ер адамдар мұндай жаңашылдыққа күмәнмен қараған.

Қолсағаттың шын мәніндегі қажеттілігі XIX ғасырдың екінші жартысында байқала бастады. Бұл кезеңде әскери қажеттіліктердің сипаты өзгеріп, уақыттың дәлдігі ерекше маңызға ие болды. Артиллериялық шабуылдарды үйлестіру, әскер бөлімдерін басқару, барлау операцияларын жүргізу – мұның бәрі уақытқа тәуелді еді. Осы кезеңде қалта сағаты қолайсыздық тудыра бастады. Уақытты білу үшін офицер жұмысын тоқтатып, сағатын қалтасынан шығарып, тілшесіне қарауы қажет. Бейбіт жағдайда бұл бірнеше секунд қана аласа, шайқас кезінде мұндай кідірістің өзі үлкен қауіпке айналуды мүмкін еді.

Осылайша сағатты арнайы белдікпен қолға тағу идеясы кең тарала бастады. Кейбір дерекке сүйенсек, мұндай өзгерістер алғаш рет үшінші ағылшын-бірма соғысы кезінде қолданылған. Ал басқа зерттеушілер қолсағатқа деген жаппай сұраныс XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы екінші ағылшын-бур соғысы кезінде пайда болғанын айтады. Офицерлер шеберлерден қалта сағатының корпусына белдік тағатын арнайы құлақшалар орнатып беруді өтінген. Осылайша қарапайым қалта сағаты қолсағатқа айналды. Бұл шешімнің ыңғайлылығы көп ұзамай өндірушілердің назарын аударды. 1901 жылы британдық «Marrin & Webb» компаниясы әскери қызметкерлерге арналған алғашқы сериялық қолсағаттардың бірін шығарды. Ол қазіргі сағаттарға мүлде ұқсамайтын. Корпусы қалта сағатындай үлкен әрі дөңгелек болғанымен, оған тек белдік бекітетін бөлшектер қосылған еді. Оған қарамастан бұл модельдер қазіргі қолсағаттардың бастауына айналды.

Қолсағаттардың нағыз гүлдену кезеңі бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарымен тұспа-тұс келеді. Майдандағы миллиондаған сарбаз бен офицер уақытты үнемі бақылап отыруға мәжбүр еді. Сол кезеңде-ақ бүгінге дейін қолданылатын көптеген талап қалыптасты. Мәселен қараңғыда көріну үшін цифрлар мен тілшелерге радиі негізіндегі жарық беретін қоспа жағылды. Сағат корпустары берік жасалып, шынылары судан қорғайтын арнайы қорғанышпен күшейтілді.

Ең қызығы, 1916 жылы жарық көрген британдық офицерлерге арналған анықтамалық қолсағат майданға қажет заттардың тізімінде бірінші орында тұрған деседі. Ал одан кейін револьвер, дүрбі, компас және басқа да жабдықтар көрсетілген. Бұл сол кезеңде сағаттың қаншалықты маңызды құрал болғанын аңғартады.

Дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін күтпеген өзгеріс орын алды. Майданнан оралған ардагерлер қолсағат тағу әдетінен бас тартқысы келмеді. Бұрын тек әскери қажеттілік саналған бұйым күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. 1920 жылдары қолсағаттар қалта сағаттары біріншеден ығыстырып, кең қолданысқа енді.

Қолсағат эволюциясының келесі кезеңі авиациямен байланысты. Ұшқыштар үшін ұшақты басқару кезінде уақытты жылдам есептеу аса маңызды еді. Сондықтан үлкен цифрлы, анық тілшелі және көлемді циферблаты бар сағаттар шығарыла бастады. Кейін мұндай шешімдер азаматтық үлгілерге де енгізілді.

II дүниежүзілік соғыс сағат индустриясына тағы бір серпіліс әкелді. Әскерилерге аптап ыстықта да, қақаған суықта да, жоғары ылғалдылық пен үздіксіз діріл жағдайында да жұмыс істей алатын сенімді құрылғылар қажет болды. Осы қажеттіліктің арқасында су өткізбейтін, соққыға төзімді әрі дәлдігі жоғары сағаттар жасалды. Сол кездегі көптеген технология әлі күнге дейін қолданылып келеді.

Қазір қолсағат уақыт көрсететін құралдан гөрі стиль мен талғамның белгісіне айналған. Дегенмен оның тарихына көз жүгіртсек, бұл қарапайым аксессуардың пайда болуы әскери қажеттіліктен басталғанын байқаймыз. Кейде адамзаттың күнделікті өміріндегі үйреншікті заттардың өзі күтпеген жағдайда дүниеге келеді.

Аружан ОРАЛБАЙ

Тарихтағы ұлы жаңалықтардың көбі кездейсоқ ашылған десек, қате болмас. Пенициллин, микротолқынды пеш, рентген сәулелері. Мұның бәрі мүлдем басқа дүниені іздеп жүргенде пайда болды. Соның ішінде бүгінде әр үйдің құрал-сайман жәшігінен табылатын желім де бар. Оның шығу тарихы туралы білу үшін желім шығаратын «Д.В.А.-Атлант» компаниясының зерттеуіне зер салайық.

Бұл химиялық қосындының авторы – америкалық химик Гарри Кувер. Бәрі 1942 жылы басталды. II дүниежүзілік соғыс қызып тұрған уақытта Гарри Кувер алдына үлкен мақсат қойды. Ол мергендік винтовкалардың оптикалық нысаналары үшін өте мөлдір әрі төзімді пластик жасап шығуы керек еді. Зерттеу барысында ол «цианоакрилат» деп аталатын жаңа химиялық затты синтездейді. Алайда Кувер бұл жаңалыққа қуана қоймады. Керісінше, ол жаңа заттың тым жабысқақ екенін көріп, көңілі түседі. Бұл дүние тиген жеріне бірден жабысып, зертханалық құралдарды бүлдіреді. Оптикалық линзаларға мүлдем жарамалы сәтсіз материалды Кувер коқыс жәшігіне тастайды.

1951 жылы Гарри Кувер әлі де сол әйгілі «Eastman Kodak» компаниясында қызмет етіп жүрді. Бұл жолы оның тапсырмасы басқаша – реактивті ұшақтардың кабинасына арналған ыстыққа төзімді желім ойлап табу. Зерттеу тізіміндегі материалдардың ішінде баяғы цианоакрилаттардың бірі – «910» нөмірімен тіркелген үлгі де бар еді. Зертханада жұмыс істеп жүргенде Кувер бұл заттың екі линзаны бір-біріне айырылмайтабы жабыстырып тастағанын көреді. Ол 1942 жылғы сәтсіз тәжірибесін есіне түсіріп, бұл заттың кемшілігі шын мәнінде оның ең басты артықшылығы екенін түсінеді. Химиктің басына «Бұл пластик емес, бұл – әлемдегі ең мықты желім» деген ой сап ете түседі. Алайда затты нарыққа шығару оңай болған жоқ. Оның құрамын онтайландырып, тұрақты күйге келтіру үшін тағы жеті жыл уақыт кетті. Осылайша, 1958 жылы әлемдік нарыққа алғаш рет «Eastman 910» деген атаумен алғашқы супержелім шықты.

Жаңа өнертабысты халыққа таныту үшін Гарри Кувер танымал «I've Got a Secret» телешоуына қатысты. Тікелей эфирде Кувер темірге бір тамшы желім тамызып, оны троска жабыстырды. Бірнеше секундтан кейін ол сол троска асылып, ауада қалықтап тұрғандай көрініс берді.

Жарнама мұнымен тоқтамады. 1959 жылы Кувер тағы бір таңғажайып трюк жасады. Ол желіммен бекітілген кранның көмегімен үлкен жеңіл автокөлікті жерден көтеріп, халыққа көрсетті. Бұл демонстрация супержелімнің атағын аспандатып жіберді. Гарри Кувер суперклейдің арқасында миллиард болған жоқ, өйткені патент «Eastman Kodak» компаниясына тиесілі еді. Дегенмен, ол өмірінің соңына дейін 460-тан астам патент иегері атанып, ғылымға өлшеусіз үлес қосты. Суперклей тек тұрмыста ғана емес, медицинада да кенінен қолданыла бастады. Вьетнам соғысы кезінде бұл желім мыңдаған сарбаздың өмірін сақтап қалды, өйткені ол қан кетуді лезде тоқтатуға мүмкіндік беретін.

Тек өмірінің соңғы жылдарында ғана Гарри Куверге тиісті құрмет көрсетілді. АҚШ Президенті оны «Технология және инновация саласындағы еңбегі үшін» ұлттық медалімен марапаттады.

Қоқысқа тасталған идея бірнеше жылдан кейін әлемді өзгерткен ұлы жаңалыққа айналды. Бүгінде біз бір дүниені сындырып алсақ, ойланбастан Гарри Кувердің «сәтсіз» ашылған ғажайып желімін іздейтініміз анық.

Мейір НИЕТ


КОЛЛАЖ А.НҰР

# КЕЗДЕЙСОҚ ТУҒАН ҒАЖАЙЫП



## РАМӘН НЕГЕ ТАНЫМАЛ?

Буы бұрқыраған кеспенің иісі мұрынға жеткенде, көп адамның көзіне бірден корей дорамаларындағы көрініс келеді. Терезені сабадай соққан жаңбыр, үстел үстіндегі қызыл түсті ыстық сорпа, таяқшамен көтерілген ұзын кеспе және үнсіз ойға шомған кейіпкер. Қарапайым ғана тағам секілді көрінгенімен, рамән бүгінде әлемдік мәдениеттің бір бөлшегі. Ол тек ас емес, тұтас бір дәуірдің, өмір салтының және жастар мәдениетінің символы.



Суреттер ашық дереккөзден алынды

Рамәнның тарихы тереңде. Соғыстан кейінгі қиын кезеңде халыққа тез дайындалатын әрі арзан тағам қажет болды. Уақыт өте келе қарапайым кеспе түрлі дәмдеуішпен толықтырылып, бүгінгі көпшілік сүйіп жейтін тағамға айналды. Қазір дүкен сөрелерінде оның ашы, теңіз өнімдері қосылған, ірімшік, тауық еті немесе көкөніс қосылған түрлері кездеседі.

Әдетте қаптамадағы кеспе қайнап тұрған суға салынып, 3-5 минут көлемінде пісіріледі. Кейін оған арнайы дәмдеуіш ұнтағы мен кептірілген көкөністер қоспасы қосылады. Кейбір адамдар рамәннің дәмін байыту үшін жұмыртқа, ірімшік, саңырауқұлақ, көк шоп немесе ет өнімдерін

араластырып дайындайды. Осылайша бірнеше минутта хош иісі аңқыған, буы бұрқыраған ыстық тағам әзір болады.

Заманауи өмірдің жылдам қарқыны рамәнды ерекше танымал етті. Уақыттың болмағандық, қарбалас кезеңде ауқаттанғын келсе бірнеше минутта дайын болатын тағам көптеген адамның құтқарушысына айналды.

Дегенмен оның атағын арттырған тағы бір құбылыс бар. Ол – корей мәдениетінің әлемге кеңінен таралуы. Кейінгі жылдары корей музыкасы, кино туындылары мен көп сериалы дорамалары миллиондаған көрерменнің жүрегіне жаулап алды. Экран алдында отырған көрермен сүйікті кейіпкерлерінің рамән жеп отырғанын көріп, оның дәмін сезініп көргісі келеді. Осылайша бір елдің күнделікті тағамы жаһандық қызығушылыққа ие болды.

Әрине, мамандар мұндай тағамды шамадан тыс тұтынуға болмайтынын ескертеді. Дұрыс тамақтану қағидаларын ұстану әрқашан маңызды. Сондықтан рамән күнделікті ас мәзірінің негізгі бөлігі емес, кейде уақыт үнемдеуге немесе жеңіл тамақтануға арналған балама ретінде қарастырылғаны жөн.

Нұршат НЫШАНОВА